


**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ
Ақпан айында өткізілге іс-шаралар ақпараты.**


«Достық- біздің тірегіміз» тақырыбында таза ауада саяхат жасау. Оқушы, ұстаз, арасындағы түсініктерін кеңейту. Өз достары, ұстаздары туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



05.02.2025. Әр дүйсенбі сайын Әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



Киелі домбыраны дәріптеу. Ұлттық домбырамызды дәріптеу мақсатында жас буындар арасында ұлттық домбырамызды ұлықтай отырып өнер құндылығын сақтай білуге шақыру. Домбырасыз қазақ өнерін елестету мүмкін емес екенін түсіндіре отырып, күй аталарымыз Құрманғазы, Тәтімбет, Дина, Нұрғиса күйлерімен таныстырып, «Былқылдақ», «Адай» «Ерке сылқым» күйлерін тыңдату. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген қанатты сөздің төркінін түсіндіру. Өздеріне тартқызу.




Мектеп медбикесімен кездесу «Тазалық гигиенасы» таырыбында көрсетіп әңгіме бөлісті, мақсатымыз оқушыларды әдемі болып, жалбыратпай, жинап жүруге нағыз казактын ұл-қыздары осындай болады деп бұрыммен жүруге, шолпы тағып оның мағнасын білуге үйретілді. Ұқыптылық пен тазалықты әдетке айналдыруға үйрету.


«Ауған соғысы» туралы айлық жоспары бойынша «Ал қане, Ұлдар» сайысын өткізу. Жас әскери дайындық жетекшісі Садвакасов Руслан Аманбайұлының ұйымдастыруымен. Барлық сыныпта сынып сағаты өтті, Ауған соғысына қатысқан ауыл азаматтарымен таныстырылды. Ол кісілердің ерлігін білу, құрметтеу мақсатында.



«Туберкулезге жол жоқ» айлыққа қатысу тақырыбында баяндама мектеп медбикесі Мусина Жұмагүл оқыды, презентация көрсетті.



Өрт қауіпсіздігіне байланысты Инспекторлар оқушыларға өрт қауіпсіздігіне байланысты мағлұмат берді.



«Әке асқар-тау» Әкелер мерекесіне орай 2-3 сынып жетекшілері Хамитова.Л Жумабекова.Н ашық тәрбие сағатын өткізді. Өте жақсы көрініс болды. Әкелер мектепке келіп топқа бөлініп тамаша сайыс болды.




Сынып жетекшілермен кездесу өткізу, ұсыныс жоспарлары болса ортаға салу. Алда келе жатқан мерекелерді өткізу жоспарларымен таныстырып, бірге атсалысуын және қосарлары болса бөлісу мақсатында.



Тренинг өткізу арқылы үштік одақ ұйымының ынтымағын нығайта түсу. Ата-ана, оқушы, мұғалім болып сайыс әрі тренинг өткізілді. Қызықты әрі тәрбиелік мәні мол болды.



Мектеп директоры:  Садвокасова.Г.А.

Орындаған: ДТІЖО Боканова.А.С